



Автор: Жаркынбекова Жанаргуль Оралбаевна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Менің отбасым және достарым
Тақырып: Менің достарым. Д д дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1. 1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау. 1.1.4.1. Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау
Сабақтың мақсаты:	1. Барлық оқушылар Суреттегі сөздерді атайды. Сөздегі Дд әрпінің орнын анықтап,мысал келтіреді. Сызба бойынша сөйлем құрастырады. Көпшілігі Өздіктерінен сурет бойынша шағын әңгіме құрастырады. Буындық-дыбыстық талдау жасайды. Кейбірі Иллюстративті мәтін мазмұнын болжайды. Бірнеше буыннан тұратын сөздер, сөйлемдер, шағын мәтін құрастырады.
Тілдік мақсаттар:	1. дауыссыз дыбыс,ұяң дауыссыз
Күтілетін нәтиже:	1. Қабілеті жоғары оқушылар Өз ойларынан мәтін құрастырады. Қабілеті орташа оқушылар: Сурет бойынша сөйлемдер құрастырады Қабілеті төмен оқушылар: Суреттегі сөздердің алғашқы әріптерін айтады,сол әріптерден басталатын сөздер айтады.
Бағалау критерийлері:	1. Сөздегі Дд әрпінің орнын анықтайды,ажыратады. Сызба бойынша сөйлем құрастырады,буынға бөледі Буындық-дыбыстық талдау жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	1. Фильм көру арқылы оқушыларда достық, қамқорлық, сыйластық сезімдері қалыптасады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	1. Интербелсенді тақтадан фильм көру.
Пәнаралық байланыс:	1. Дүниетану,математика
Бастапқы білім:	1. Аа,Нн,Лл, Рр,Оо,Тт,Уу,Шш,Сс дыбыстары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10 минут)	1. Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал Барлығымыз ортаға шығып , бір-бірімізге қайырлы таң тілейік Қайырлы таң , көздеріміз Ояңдындар ма? Қайырлы таң, құлақтарым Ояңдындар ма? Қайырлытаң, қолдарым,аяқтарым Ояңдындар ма? Қайырлы таң ,достарым Барлығымыз оянып Жақсы күнді басталық Сабақтың ережелерін еске түсіру 1 Сабаққа кешікпейміз 2 Сабақта бір-бірімізді тыңдаймыз 3 Уақытты үнемдейміз 4 Сабақта белсенділік танытамыз«Білім минуты» әдісі. Алдыңғы меңгерілген білім бойынша өтілген әріптерден буын, сөз, құрастыру А,Н, Л,Р, О, Т, У,Ш, С. Жұмбақ жасыру Дауылда бар,боранда жоқ Дәуірде бар заманда жоқ.Қандай дыбыс? Жұмбақтың шешуі болатын дыбысты тап Д дыбысы -Бүгін біз қандай дыбыспен танысамыз? - Д дыбысынан басталатын қандай сөздерді білесіңдер? - Ол қандай дыбыс? - Алфавит ішінен Д дыбысын табу Топтық жұмыс. Бейне талдау тәсілі. «Қошқар мен теке» мультфильм көрсету. Талқылау сұрақтары: 1. Қошқар мен текенің достығы қандай? 2. Сенің ойыңша дос дегеніміз кім? Ол қандай болуы керек? Мультфильм мазмұны бойынша әр топ өз ойларын айтады. «Ассоциация» әдісі бойынша дос сөзінің мағынасын ашу Жеке жұмыс. «Жалғасын тап» әдісі. Әр оқушы өз жолдасы туралы карточкадағы сұрақтарға жауап жазады. 1 Менің досымның аты-----, 2 Оның жасы-----, 3 Ол өте ----,-----,-----, Тапсырма Заттардың атауын буынға бөліп айтыңыз. Буынды сызбамен көрсет.Сөзде неше буын бар? Буынның санын цифрмен жаз. Машина Қайшы Доп Құлпынай Дескриптор: - заттың атауын буынға бөліп айтады - сөзді буынға бөлу сызбасын көрсетеді; - сөздегі буын санын анықтап, жазады ҚБ: «Жұлдызша» әдісі	
Сабақтың ортасы (20 минут)	1. Сергіту сәті Ал, қане балалар барлығымыз ортаға шығайық - Сен досыңды көшеде, аулада көріп қалсаң қалай амандасасың? - 1 рет шапалақтағанда -қолалысу - 2 рет шапалақтағанда -қол бұлғап - Зрет шапалақтағанда -құшақтасып - 4 рет шапалақтағанда иық тіресіп Барлығымыз жұп болып тұрып,осы әрекеттерді орындаймыз Оқулықпен жұмыс.(56-бет, 3- жаттығау) Әріптер мен сандарды пайдаланып,сөз құрастыр А н л р о т у ш с д 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Дос - 1059 13181- 10131- 10121- 107316- Топтық жұмыс 1 топ Берілген суреттердегі заттардың алғашқы әріптерінен сөз құра. 2 топ Кез келген суретті алып бірнеше сөйлем құрастыр. 3 топ Барлық суреттегі заттарды қатыстырып мәтін құрастыр. ҚБ «Бағалау парағы» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды, дұрыс жауапқа белгі қояды. Бағалау парағы Сөз Сөйлем Мәтін Жеке жұмыс Тапсырма Суретке мұқият қараңдар,суреттегі балалар арасындағы достықты іс-әрекеттеріне қарап болжап,дәлелмен айтып бер. Тапсырма Буындық-дыбыстық талдау Суреттерден Д әрпі бар сөздерді тап. Оларға буындық-дыбыстық талдау жаса ҚБ «Шапалақтау» әдісі - Балалар, бүгін сендер сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. -Бүгінгі сабақта не түсінгендеріңді қорытындылау үшін	
Сабақтың соңы (10 минут)	1. «БББ» әдісі арқылы кестені толықтырасыңдар . Кері байланыс «Білім теңізіне қайық жібер» тақырыпты жақсы меңгердім деген оқушылар өз қайығын білім теңізіне жібереді де әлі де сенімсіздік білдірген оқушылар Ереже шығанағында қалады. Осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды.Сендерге ұнады деген ойдамын! Сау болыңдар!	
Рефлексия	1. Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	